



030900, Ақтөбеоблысы, Ойыл ауданы, Екпетал ауылы, Жасыл ел көшесі 21, тел:72-1-47
030900, Актюбинская область, Уилский район, село Екпетал, ул, Жасыл ел 21, тел: 72-1-47
e-mail:ekpetal.mbb@mail.kz

«02» қыркүйек 2024ж

Екпетал селосы

Бұйрық №26

*Оқу жылының
басталуы туралы*

Ойыл аудандық білім бөлімінің 22 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2024–2025 оқу жылының басталуы туралы» №439 бұйрығын негізге ала отырып

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

Екпетал мектеп-балабақшасында 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1. 2024 жылғы 1 қыркүйек-2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;
1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы;
I-тоқсан -8 оқу аптасы,күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс –күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
3- тоқсан -10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда);
4 – тоқсан – 8 оқу аптасы.

2.Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда-33 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда-34 оқу аптасы.

3.Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын. Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

4. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.

5. Оқу процесін ұйымдастыруда «2024 -2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

6. 1 қыркүйек күніне арналған тәрбие сағаттары 1-9 сыныптарда «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында өткізілсін.

7. Сыныптардағы сабақтар екі ауысымда оқытылсын:

I ауысымда

1-сынып

6-сынып

7-сынып

8-сынып

9-сынып

II ауысымда

2-сынып

3-сынып

4-сынып

5-сынып

8. 2024-2025 оқу жылының басталуына орай төмендегі оқушылар мына сыныптарға қабылдансын:

1 сынып – 9 оқушы

2 сынып – 7 оқушы

3 сынып – 8 оқушы

4 сынып – 9 оқушы

5 сынып – 7 оқушы

6 сынып – 5 оқушы

7 сынып – 3 оқушы

8 сынып – 7 оқушы

9 сынып – 4 оқушы

Мектеп директоры:



Г.Жумагулова